

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитетінің мәселелері<\*>**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 21 шілде N 1022. Тақырыбы және мәтініндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.31. N 165 қаулысымен. ~P010165 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.01.26. N 126 қаулысымен. ~P020126

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитеті туралы ереже; <\*>

2) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1778 P971778\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 55, 499-күжат);

2) "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитетінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 желтоқсандағы N 1256 P981256\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 46,

418-күжат).

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын жарық көрген актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде бір айлық мерзімде зандарда белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің  
1999 жылғы "21" шілдедегі  
N 1022 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің  
Құрылыш істері жөніндегі комитеті туралы  
Ереже

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құзыretі шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен зандарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ зандарға сәйкес банктерде есепшоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынасқа өзінің атынан түседі.

Комитеттің мемлекет атынан, егер оған зандарға сәйкес уәкілеттілік берілген болса, азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы ретінде болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыretінің мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында міндettі күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің құрылымын және штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің занды мекен жайы:

473000, Астана қаласы, Районный тұйығы, 15/1. <\*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.08.04. N 1198  
қаулысымен. Р001198\_

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Экономика және

сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек қана республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау үшін кәсіпкерлік субъектілерімен келісім-шарттық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заң актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен түскен кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) елдегі тұрғын үй проблемасын кезең-кезеңімен шешу;
- 2) тұрғын үй құрылышын қаржыландыру және несиелендіру схемасын жасауға қатысу;
- 3) салаға инвестицияларды тарту үшін жағдайларды жақсартуға атсалысу және тұрғын үй рыногын дамытуға;
- 4) аумақтар құрылыштарын тиімді жүргізу және елді мекендерді дамыту;

5) өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштарды, инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілерін жобалау, салу және пайдалану үшін нормативтік-техникалық құжаттамалардың базасын дамыту;

6) әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды, коммуналдық шаруашылықтың басты құрылыш жайларын дамытуға қатысу;

7) құрылыш өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысу, объектілер салу мен пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

8) отандық жобалау және құрылыш өнімдерінің сапасы мен бәсекелік қабілетін, жаңа құрылышта инвестицияларды пайдаланудың тиімділігін арттыруға ынталандыратын жағдайларды қалыптастыру;

9) ішкі еңбек рыногы мен құрылыш өнімдерін қорғауға қатысу;

10) құрылыш жұмысындағы интеграциялық процестерді тереңдету.

11. Комитет заңда белгіленген тәртіппен мына функцияларды жүзеге асырады

:

- 1) құрылыш, сәulet, қала салу саласындағы мемлекеттік саясатты, тұрғын үй құрылышын, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын, құрылыш материалдары өнеркәсібінің өндірістік базасын, құрылыш индустриясын дамыту бағдарламаларын әзірлейді және олардың іске асырылу барысын бақылайды;
- 2) сәulet-құрылыш аясындағы субъектілердің қызметін салаарапық үйлестіруді жүзеге асырады және мемлекеттік құрылыш саясатын іске асырады;
- 3) сәulet-құрылыш қызметі аясындағы мемлекеттік реттеудің қазіргі экономикалық жағдайларға лайық әдістерінің жүйесін әзірлейді және нарықтық қатынастарды жетілдіруге, әлеуметтік әріптестікті дамытуға ықпал етеді;
- 4) салалық ғылыми-техникалық саясатты әзірлейді және іске асырады;
- 5) инженерлік іздестіру, объектілер мен кешендерді жобалау, салу, қайта жаңарту, қалпына келтіру, жаңғырту, күрделі жөндеу және абаттандыру, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды қалыптастыру саласында, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану саласында нормативтік актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 6) мемлекеттік тұрғын үй саясатын, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде тұрғын үй салу, сондай-ақ құрылыш материалдары өндірісінде жаңа материалдарды дамыту және құрылыш индустриясының өндірістік базасын құрылымдық қайта құру бағдарламаларын іске асыру процесін үйлестіреді;
- 7) халықтың өмір сүруі үшін толыққанды орта жасау мақсатында қоныстандыру жүйесін жетілдіру, қалаларды және басқа да елді мекендерді салу кезінде ғимараттар мен құрылыштар жобалық сенімділігі мен сәулеттік-көркемдік шешімдерінің сапасын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 8) тұрғын үй саясаты, құрылыш, сәulet, қала салу, құрылыштың материалдық-техникалық базасын дамытудың басым бағыттары, құрылыш материалдары өндірісі, құрылыш индустриясы мен тұрғын үй-шаруашылық мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, әзірлеуге қатысады, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде бекітеді;
- 9) құрылыш материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіруге арналған техникалық жағдайлардың құрылыш саласындағы мемлекетаралық және мемлекеттік нормалар мен стандарттарға сәйкестігі туралы қорытындыларды қарайды және мемлекеттік стандарттау, метрология және сертификаттау органына береді;
- 10) инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдіstemесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және енгізеді;
- 11) республикалық бюджет, Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілдігі арқылы берілетін сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын объектілерді жобалау мен салуға арналған мердігерлік тендерлерді ұйымдастыруға және

өткізуге қатысады;

12) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиясын іске асыру жөніндегі инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ жылдық жоспарларды әзірлеуге атсалысады;

13) құрылыш, сәулет, қала салу, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жағдайын талдауға және болжамдарын әзірлеуге қатысады;

14) жергілікті органдарымен бірлесіп қалалардың және басқа да елді мекендердің сәулет және қала салу жоспарлануы және салуының нормалары мен ережелерінің сақталуына, қала салуды реттеудің ерекше режимі бар аумақтардың пайдаланылуына, тарихи қала салу мұраларының қорғалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Мемлекеттік қала салу кадастрын жүргізеді;

16) өз құзыретінің шегінде басқа да мемлекеттік органдар мен құрылыш ұйымдарының құрылыш саласындағы инвестициялық бағдарламаларды орындау жөніндегі қызметін үйлестіреді;

17) өз құзыретінің шегінде құрылыш, құрылыш материалдары өнеркәсібі, құрылыш индустриясы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарының қызметін үйлестіруді және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

18) құрылышта бағаның қалыптасуына, құрылыш-монтаж жұмыстарының өзіндік құнына талдау жасайды, мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыштың сметалық құнын есептеу тәртібін айқындаиды ;

19) құрылыш саласының республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын мемлекеттік басқару органының функцияларын, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырады;

20) құрылыш өнімдерін сертификаттауға атсалысады;

21) өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет түрлері бойынша лицензия беруші болады;

22) Қазақстан Республикасының аумағында сәулет-қала салу құжаттамаларын әзірлеу, аумақтарды қала құрылышына игеру, объектілер мен кешендерді салу, қайта жаңарту, қалпына келтіру, жаңғырту, курделі жөндеу және абаттандыру, құрылыш материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру кезінде сәулет-қала құрылышы қызметі аясындағы заң актілерінің, мемлекеттік нормативтердің талаптары сақталуын, мемлекеттік сәулет-құрылыштың бақылауды жүзеге асырады;

23) өз құзыретінің шегінде инвестициялардың, құрылышқа арналған

жобалардың, сондай-ақ қала құрылышы құжаттамаларының техникалық экономикалық негізdemелеріне мемлекеттік сараптаманы қамтамасыз етеді;

24) республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілерді, олардың мақсаттарына қарамастан, салудың, кеңейтудің және қайта жаңартудың техникалық-экономикалық негізdemелері мен жобаларын бекітудің ережелерін әзірлейді және, заңдарда көзделген жағдайларда Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізу үшін ұсынылатын инвестициялық жобалар жөнінде қорытындылар береді;

25) күрделі құрылыштың және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың мұқтаждары үшін озық технологияларды әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындауды, өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді салуға арналған тәжірибелік, үлгілік және базалық жобалық шешімдердің әзірленуін ұйымдастырады және бекіtedі;

26) шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге, құрылым материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын жобалауға, салуға, өндіруге, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді өндіруге және көрсетуге қатысады;

27) еңбекті ұйымдастыру мен нормалауды жетілдіру мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуге сондай-ақ қолданылып жүрген тарифтік-біліктілік анықтамалығына енбеген жұмысшылардың мамандықтары мен қызметкерлердің лауазымдары бойынша тарифтік-біліктілік сипаттамаларды әзірлеуге қатысады;

28) ғылыми зерттеудің бағыттарын айқындауға қатысады, өз құзыретінің шегінде республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын салалық ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру жұмыстарын орындауды ұйымдастырады;

29) халықаралық ынтымақтастықтың жалпы жүйесі шеңберінде шетелдермен және халықаралық ұйымдармен құрылым саласындағы ғылыми-техникалық және экономикалық байланыстарды жузеге асырады, ТМД елдерінің Құрылымы қызметіндегі ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық кеңесінің жұмысына қатысады;

30) құрылым, сәulet, қала құрылышы, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаласында әлеуметтік, экономикалық және техникалық саясатты әзірлеу мақсатында қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

31) төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөнінде бұлінген құрылышты қалпына келтіру немесе бұзу жөнінде шешім қабылдау жөнінде кешенді шараларды әзірлеуге қатысады;

32) өзіне заңмен жүктелген өзге де функцияларды жузеге асырады.

12. Комитет негізгі міндеттерін іске асыру және өзінің функцияларын жузеге

асыру үшін зандарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде құрылыш, сәulet, қала құрылышы, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында нормативтік және нормативтік-құқықтық актілер қабылдауға;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың сәulet-қала құрылышы қызметі аясындағы нормативтік және нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін шешімдерінің қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізуге, құрылыш, сәulet, қала құрылышы, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, жылжымайтын мүлікті бағалау салаласындағы нормаларды, ережелерді, нұсқаулықтарды және әдістемелік құжаттарды қолдану мәселелері жөнінде шешімдер қабылдауға;

3) басқа орталық атқарушы органдар өзірлеген зандардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары жөнінде құрылыш, сәulet, қала құрылышы, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) құрылыш өнімдерін сертификаттау жөніндегі сынақ лабораторияларын тіркеуге атсалысуға;

5) өзінің құзыретіне кіретін қызмет тұрлерін лицензиялауды жүзеге асыруға;

6) қажетті жағдайларда сарапшылар ретінде өндірістің басқа салаларының, ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық үйымдардың мамандарын тартуға;

7) сәулеттік-қала құрылышы қызметіне бақылау жасауға;

8) құрылыш, сәulet, қала құрылышы, аумақтарда құрылыш салу және мемлекеттік қала салу кадастры жергілікті басқару органдарының қызметіне әдістемелік басшылық пен үйлестіруді жүзеге асыруға;

9) ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды құру, қайта құру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

10) өз құзыретінің шегінде занды және жеке тұлғалардан ақпарат сұратуға және алуға;

11) зандарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді пайдалануға құқығы бар.

### 3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің оған бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе басқа тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке зандармен белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

#### 4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапкершілікте болады.

18. Осы мақсатта Төраға:

1) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері

басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) зандарға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) қызметкерлердің белгіленген саны мен еңбек ақысы қорының шегінде Комитеттің штаттық кестесін, бөлінген қаржы шегінде аппаратты ұстауға кететін шығыс сметасын бекітеді;

4) занда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

5) Комитет актілеріне қол қояды;

6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) өз өкілеттігінің шегінде мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда Комитетті білдіреді;

8) зандарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Құрылыш, сәулет, қала құрылышы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы проблемаларды талдау, бағдарламаларды, жобалар мен ғылыми-техникалық құжаттарды қарау және бекіту үшін Комитетте сәулет, құрылыш, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелер бойынша консультациялық-кеңесуші орган ретінде Ғылыми-техникалық қеңес құрылады.

Ғылыми-техникалық қеңестің сандық және жеке құрамын, ол туралы Ережені Комитеттің төрағасы бекітеді.

#### 5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы "21" шілдедегі  
N 1022 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда  
министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитетінің  
Құрылымы

Басшылық  
Сәулет және қала құрылышы басқармасы  
Экономикалық талдау және жоспарлау басқармасы  
Құрылыштағы техникалық нормалау мен жаңа технологиялар басқармасы  
Тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық реформалар бөлімі

<\*>

Ескерту. 6-абзац алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.08.04. N 1198  
қаулысымен.

P001198\_

Оқығандар:  
Омарбекова А.Т.  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК